

БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРАЛАС ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА СТЕПІК ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАҢУ

Кади́рбаева́ Роза́ Изтлеуовна¹, Әтірбек Құралай Ерболқызы²

¹Педагогика ғылымдарының докторы, доцент, ²Докторант

^{1,2} Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті «Математика» кафедрасы, Шымкент/Қазақстан.

¹<https://orcid.org/0000-0002-5975-2683>, e-mail: kadirbayeva.roza@okmpu.kz

²<https://orcid.org/0000-0001-9985-1750>, e-mail: atirbek.kuralay@okmpu.kz

Аңдатпа

Аралас оқыту дәстүрлі және заманауи әдістерді үйлестіре отырып, білім алу процесін жеңілдетіп, білім беру жүйесін жаңаша ұйымдастырудың тиімді тәсілі ретінде дамып келеді. Болашақ математика мұғалімдеріне арналған кәсіби пәндер бойынша онлайн курстардың тапшылығы, сондай-ақ аралас оқытуды ұйымдастыруда онлайн платформаны таңдау мен қолдану мәселелері зерттеу тақырыбының өзектілігін арттырады. Мақаланың мақсаты – болашақ математика мұғалімдеріне арналған онлайн курстарды жасау үшін Stepik платформасының мүмкіндіктерін зерттеп, оны аралас оқытуды ұйымдастыруда тиімді қолданудың тәсілдерін көрсету. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі жүйелік және конструктивті тәсілдерден тұрады. Зерттеу барысында теориялық материалды талдау мен синтездеу әдістері, сондай-ақ аралас оқытудың модельдері мен онлайн курстарды құру технологиясы қолданылды. Мақалада Stepik платформасының мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылып, оның оқытушыларға интерактивті курстар, теориялық материалдар, бейнедәрістер және түрлі практикалық тапсырмаларды қамтитын оқу ресурстарын әзірлеу мүмкіндігі ашылады. Платформаның студенттердің өздік жұмысын тиімді ұйымдастыруға, білімді жүйелеу мен бақылауды жетілдіруге қосатын үлесіне ерекше көңіл бөлінді. Stepik-тің ерекшелігі аралас оқытуды тиімді ұйымдастыра алуында және оқу процесін икемді әрі тиімді етуінде. Зерттеу нәтижесінде болашақ математика мұғалімдері үшін «Алгебра және сандар теориясы» пәні бойынша Stepik платформасында әзірленген курстың мысалдары ұсынылды. Сонымен қатар «Төңкерілген сынып» моделін аралас оқытуды ұйымдастырудағы кезеңдері сипатталды. Олар болашақ математика мұғалімдерінің аралас оқытуды ұйымдастыруда тиімді пайдалануына негіз бола алады.

Кілт сөздер: Stepik платформасы, болашақ математика мұғалімдері, онлайн курс, аралас оқыту, жаппай ашық онлайн курс.

Received 29 October 2024. Accepted 13 March 2025.

For citation: Kadirbayeva R.I., Atirbek K.E. (2025). The use of the stepik platform for organizing blended learning for future mathematics teachers. *Ilim* 43(1). 35-57.

Kipicne

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру үдерісінің өзгеруіне елеулі ықпал етуде. Осыған орай көптеген білім беру мекемелері интернетке қосылған электрондық құрылғылармен жабдықталып, оқытушылар оқу үдерісіне онлайн курстарды белсенді түрде енгізіп жатыр. Бұл студенттердің оқу материалын игеруін жеңілдетіп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білім беру үдерісін жандандырудың жаңа бағытын қалыптастыруда (Киргизова & Насырова, 2022: 698-703). Мұндағы жаңа бағыт ретінде аралас оқытуды (blended learning) айтуға болады.

Аралас оқыту – бұл екі әдістің артықшылықтарын пайдалана отырып, дәстүрлі бетпе-бет оқытуды онлайн оқытумен біріктіретін инновациялық тәсіл (Hiasat, 2021: 17-22; Dangwal, 2017: 129-136). Ол оқытудың түрлерін, соның ішінде бірлескен, конструктивті және компьютерлік оқытуды қамтиды (Dangwal, 2017: 129-136). Аралас оқыту білім алушылардың дағдылары мен тәжірибесін дамыта отырып, оқытудың көптеген әдісі мен формаларына қол жеткізуге мүмкіндік береді (Abu Bakar, 2021: 52-55), сондай-ақ білім алушыға онлайн оқытуда оқудың уақыты мен орнын, қарқынды мен траекториясын өз бетінше таңдауға да жол ашады (Долгова, 2017: 2-8). Кей зерттеуші оны дәстүрлі оқытудың болашағы деп санаса (Aitken, 2010: 76-89), басқалары бұл күндізгі және онлайн оқыту формаларының элементтерін біріктіретін әртүрлі білім беру тәсілдерін қамтитын жалпы терминге айналды деп түсіндіреді (Hrastinski, 2019: 564-569). Аралас оқытуды енгізу үлкен күш-жігерді, дұрыс көзқарасты, жеткілікті бюджетті және оқытушылар мен студенттердің жоғары ынтасын қажет етеді (Dangwal, 2017: 129-136). Сонымен қатар, ықтимал артықшылықтарға қарамастан, аралас оқытуды ұйымдастыру оңай емес (Dangwal, 2017: 129-136). Дегенмен, бұл тұжырымдама дамып келеді, сондықтан зерттеушілер мен оны қолданушылар үшін аралас оқыту туралы түсініктерді нақты анықтау өте маңызды (Hrastinski, 2019: 564-569).

Аралас оқыту дәстүрлі және заманауи әдістерді біріктіре отырып, білім алуды жеңілдетіп, білім беру жүйесін жаңаша ұйымдастырудың бірегей технологиясы ретінде дамып келеді. Бұл модель көптеген артықшылықтарды қамтиды: цифрлық технологияларды пайдалану, өзіндік білім алуды дамыту, оқу процесін даралау, тиімділік пен икемділік. Сол себепті аралас оқыту қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орын алуда.

Заманауи білім беру технологияларын тиімді енгізу үшін білікті педагогтар қажет, ал оларды даярлау жоғары оқу орындарында оқыту кезеңінде басталып, кейін біліктілікті арттыру курстарында жалғасын табуы тиіс. Бұл тәсіл қазіргі кезде математиканы аралас оқыту әдістерін қолдану барысында туындайтын қиындықтарды жоюға және мұғалімдердің осы технологияларға деген көзқарасын өзгертуге ықпал етеді (Дербуш & Скарбич, 2021: 116-122).

Математикада теорияны терең түсіну және оны практикалық тапсырмалармен байланыстыру өте маңызды. Осы тұста аралас оқыту болашақ мұғалімдерге теориялық білімді онлайн режимінде өз бетінше меңгеруге, ал аудиторияда оны күрделі есептер мен практикалық тапсырмаларды орындау арқылы қолдануға жағдай жасайды. Демек, аралас оқытуды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте онлайн курс қажет.

Соңғы зерттеулер онлайн білім берудің және оны дәстүрлі оқу ортасына біріктірудің өсіп келе жатқан маңыздылығын көрсетеді. Зерттеулер интерактивтілік, технологиялық құралдар және педагогикалық тәсілдер сияқты факторларды ескере отырып, онлайн курстарды тиімді жобалау қажеттілігін көрсетеді (Смирнова, 2022: 864-867). Дәстүрлі корпоративтік оқытудан жаппай ашық онлайн курстарға (ЖАОК) ауысулар қарастырылады, жетістіктер де, проблемалар да атап өтіледі (Васильев және т.б., 2014: 199-205; Мохова және т.б., 2023: 116-123). Сонымен қатар, зерттеушілер онлайн білім берудің тиімділігін арттыру әдістерін, соның ішінде үздіксіз білім берудің кешенді жүйелерін әзірлеуді және инновациялық IT технологияларын қолдануды ұсынады (Ковалева & Сибасев, 2023: 212-221; Голубник & Назаров, 2022: 47-48).

Жоғарыда келтірілген мәселелердің аясында шетелдік ғалымдармен қатар отандық ғалымдар да зерттеулер жүргізуде. Олардың ішінде Базарғалиева Г. Е., Калиаждарова Ш. И., Исабаева С.Н., Абишева Н.М, Кадирбаева Р.И., Ермекова Н. С., Меңдіғалиева А.Е. сынды зерттеушілердің еңбектері кеңінен танымал.

Сонымен, зерттеулер көрсеткендей, қашықтан немесе аралас оқыту форматына көшу барысында білім беру ұйымының бастапқы ақпараттық базасы маңызды рөл атқарады. Оған цифрлық материалдардың көлемі (оқулықтар, бейнедәрістер, тапсырмалар және т.б.) және мұндай форматты жүзеге асыруға арналған платформа (мысалы, Moodle, Stepik, Coursera, edX: MIT, Khan Academy, Google Classroom және т.б.) кіреді. Аралас оқытуды сәтті іске асыру және оның тиімділігін арттыру үшін білім алушылардан өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын көрсету талап етіледі, ал оқытушыларға таңдалған платформаның мүмкіндіктері мен шектеулерін ескере отырып, оқу материалын тиімді түрде қолжетімді форматқа трансформациялау қажет (Зубаков & Червова, 2021: 81-82). Демек, оқытушылар үшін оқу пәндерінің ерекшеліктері мен білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, онлайн-курстарын әзірлеуге мүмкіндік беретін цифрлық платформаны таңдау қажеттілігі туындайды. Бұл зерттеуде болашақ математика мұғалімдеріне арналған онлайн курсты әзірлеу үшін Stepik платформасы таңдалды.

Stepik – онлайн курстарды құруға арналған білім беру платформасы. Бұл платформада фото, бейне, аудио материалдарды, мәгіндік тапсырмалар мен жылдам тексеру және кері байланысы бар жаттығуларды біріктіру мүмкіндігі бар. Stepik оқытушыларға оқу үдерісінің нәтижелері мен есептерін көрсету құралдарын ұсынып, білім беру үдерісінің барлық қатысушылары үшін

қолжетімді әрі ыңғайлы платформаны қамтамасыз етеді (Гиматдинова & Шашкина, 2023: 222-224).

Stepik платформасы бірнеше жылдан бері жоғары оқу орындарының оқытушыларына онлайн емтихандар өткізу, тапсырмалармен шағын сабақтар ұйымдастыру және студенттер топтарына арналған курстар құру үшін ыңғайлы құрал ретінде қызмет етіп келеді.

Платформаның дамуы тоқтаусыз жалғасуда, қазіргі уақытта жалпы білім беру мекемелерінің педагогтары да Stepik-ті аралас оқытуды жүзеге асыру мақсатында белсенді түрде игеруде. Платформа әртүрлі білім деңгейлерінде аралас оқыту үшін кең мүмкіндіктер ұсынады, бірақ білім беру үдерісінде негізгі әдіс болып табылмайды. Stepik білімді жүйелеуге, меңгерілген материалды тексеруге, қайталауға және білім алушыларды қорытынды аттестацияға дайындауға көмектесіп, қосымша рөл атқарады.

Сонымен қатар, Stepik оқытушыларға контент жасауға ыңғайлы құралдар ұсынып, білім алушыларға интерактивті оқыту тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың назарын аударып, білімді қызықты әрі тиімді игеруге бағытталған интерактивті тапсырмалар, мәтіндер, бейнелер мен суреттер арқылы платформа университет профессор-оқытушылар құрамына оқу мақсаттарына тиімді қол жеткізуге көмектесетін тегін онлайн-курстар жиынтығын ұсынады.

Отандық онлайн курстардың негізгі мазмұны көбінесе білім алушылардың мемлекеттік қорытынды аттестацияға, пәндік олимпиадаларға және жобалық жұмыстарға дайындаумен байланысты. Алайда, тар шеңберде пән бойынша мамандандырылған курстар сирек кездеседі, бұл оқытушыларға студенттердің білімін нығайтуда және жеке оқу траекторияларын қалыптастыруда пайдалы болғанына қарамастан байқалады (Барат & т.б., 2024: 50-59).

Бұл мәселе білім беру процесін жетілдіру және болашақ математика мұғалімдеріне қажетті дағдыларды дамыту үшін кәсіби пәндерге арналған онлайн курстардың қажеттілігін көрсетеді. Математика пәні бойынша онлайн курстарды әзірлеу оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға, білім алушылардың білімін тереңдетуге және олардың жеке оқу траекторияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Болашақ математика мұғалімдері үшін кәсіби пәндер бойынша онлайн курстардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ аралас оқытуды ұйымдастыруда онлайн платформаны таңдау мен пайдалану мәселесінің туындауы *зерттеу тақырыбының өзектілігін* көрсетеді.

Мақаланың мақсаты — болашақ математика мұғалімдеріне арналған онлайн курстарды әзірлеу үшін Stepik платформасының мүмкіндіктерін зерттеу және оны аралас оқытуды ұйымдастыруда пайдаланудың тиімді тәсілдерін көрсету.

Әдебиеттік шолу

Қазіргі таңда жалпыға қолжетімді болып таралған онлайн курстар жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) деген атаумен танымал болуда. Олар ақпараттық қоғамның ерекшеліктеріне байланысты жаңа құбылыс ретінде кеңінен таралып отыр. Ақпараттық ресурстар оқытушы мен білім алушының нақты уақыттағы өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, бұл аудио және бейнебайланыс арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарының оқытушылары ЖАОК-ты оқу үдерісінде интерактивтілікті арттыру мақсатында белсенді қолдануда, өйткені бұл платформалар студенттердің қызығушылығын арттырумен қатар, қашықтықтан оқыту форматын қолдау арқылы білім беру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, бұл қазіргі заманғы жағдайда ерекше маңызға ие. Алайда, ЖАОК-ты алғаш қолданған кезде студенттер бұл курстарды жеңіл әрі ыңғайлы деп қабылдауы мүмкін, бірақ оларды сәтті меңгеру үшін өздігінен жоспарлы түрде жұмыс жасау маңыздылығын ескере бермейді (Зубаков, 2020: 18-19).

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлтық университетінің зерттеушілері Б.Б. Бөрібаев, Г.Т. Қалидоллина, Б.Т. Барат өз зерттеулерінде Қазақстанда ЖАОК-ты құру көп уақытты, ресурстарды және еңбекті талап ететіндігін, алайда бұл онлайн курстар Қазақстандағы білім беруді дамыту мен кәсіби өсудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынатындығын және елдің білім беру саласының дамуына маңызды ықпал ететіндігін атап көрсеткен. Сонымен бірге, онлайн курстардың сапасын арттыру үшін оқыту технологиялары мен әдістерін одан әрі дамыту, сондай-ақ студенттердің өнімділігін бағалаудың тиімді құралдарын қолдану қажет екендігі және оларды құру білім берудің маңызды және келешегі зор бағыт болып табылатындығы баяндалған (Барат & т.б., 2024: 50-59).

Осыған ұқсас, ЖАОК-ты білім беру тәжірибесіне енгізуге арналған ғылыми жарияланымдардың басым көпшілігі бұл курстарды жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына интеграциялау мәселелеріне баса назар аударады. Шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде ЖАОК-тың студенттердің аудиториядан тыс өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы рөліне ерекше көңіл бөлінеді (Миронов, 2019: 223-225; Бакулина, 2019: 9-12). ЖАОК-ты қолдану студенттердің өзіндік жұмыс деңгейін арттыруға ықпал етеді, себебі оқу материалының (теориялық және практикалық тапсырмалардың) құрылымдалуы мен олардың орындалуын бақылау мүмкіндігі бар. Мысалы, студенттердің мотивациясының артуы және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жақсаруы, сонымен бірге оқытушылардың біліктілігіне қойылатын талаптардың өскені атап өтіледі (Черкашина & Цибульникова, 2018: 194-196). Студенттердің мотивациясы оқу сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады (Васильев және т.б., 2014: 199-205; Мохова және т.б., 2023: 116-123).

У.С. Захарова жүргізген университеттердің ЖАОК құрудағы мақсаттарын зерттеу бірқатар мақсаттарға (мысалы, сапалы білімнің қолжетімділігіне) қол

жеткізуде шектеулер бар екенін көрсетті, Өйткені ЖАОК мүмкіндіктері туралы төмен хабардарлық, тыңдаушылардың ресурстарының жеткіліксіздігі (техникалық құралдардың болмауы), компьютерлік сауаттылықтың төмендігі және халықаралық тілдерді (әсіресе, ағылшын тілін) меңгерудің жеткіліксіздігі сияқты объективті кедергілер кездеседі (Захарова, 2019: 46-68).

Қазақстанның ашық университеті (<https://openu.kz/kz>) деп аталатын платформасы – бұл Қазақстан университеттерінің жетекші оқытушы профессорлары мен мамандары әзірлеген онлайн курстар орнатылған ресми платформа. Платформаның мақсаты – Қазақстан халқының зияткерлік әлеуетін арттыру мақсатында сапалы әрі тегін онлайн-курстар ұсыну, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, онлайн білім беруді жалпыға бірдей қолжетімді ету.

Сонымен қатар, қазақстандық университеттердің профессор-оқытушылар құрамы әзірлеген онлайн-курстар университет сайттарында орналастырылған. Мысалы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушылары өздерінің толық қамтылған авторлық онлайн курстарын университет сайтында орналастырған (1-сурет).

АИС ПЛАТОНУС e-doc e-mail Система КРІ Объявления eOnlinish Библиотека				
О НАС УЧЕБА НАУКА АБИТУРИЕНТ ОБУЧАЮЩИМСЯ ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ РАБОТА И МОЛОДЕЖЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОРТАЛ				
 Онлайн курсы				
Онлайн курстар				
№	Аты-жөні	Кафедра	Курс атауы	Курсқа сілтеме
1	Байдаллаева Акмарал	Әлем тарихы және дінтану	Философия тарихы. Кенни 3-том (25 лекция)	https://openu.kz/kz/courses/batys-filosofiyasyny-zhaa-tarihy-3-tom-azrg-zaman-filosofiyasyny-bastauy
2	Байдаллаева Акмарал	Әлем тарихы және дінтану	Философия тарихы. Кенни 4-том (25 лекция)	https://openu.kz/kz/courses/batys-filosofiyasyny-zhaa-tarihy-4-tom-azrg-zaman-filosofiyasy
3	Байдаллаева Акмарал	Әлем тарихы және дінтану	Өнер философиясы (25 лекция)	https://openu.kz/kz/courses/zhaon-filosofiyasyny-ysasha-tarihy

Платформа Moodle
Онлайн курсы
Курс повышения квалификации
Материалы семинара
Видеолекции
Minor

1-сурет. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ сайтындағы онлайн курстардың сілтемелері.

Осы сияқты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің сайтында «Қашықтықтан білім беру» порталы бар. Портал мәзірінде әртүрлі онлайн-курстар, соның ішінде «В009-Математика мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының пәндік материалдары бар курстар да ұсынылған (<https://www.kaznpu.kz/ru/>).

Қазіргі таңда онлайн курстарды әзірлеуге арналған Moodle, Udey, Coursera, Stepik және т.б. көптеген танымал платформа бар. Бұл

платформалардың әрқайсысы өз аудиториясына, мақсаттарына және оқыту әдістеріне сәйкес келеді. Онлайн курс жасауды жоспарлағанда, қажеттілікке сәйкес ең тиімді платформаны таңдау маңызды.

А.В. Никитин Stepik және Moodle қашықтықтан оқыту жүйелерін пайдаланудың негізгі принциптерін және олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдай отырып, Stepik платформасын пайдалану оңай және барлығына, тіпті ең тәжірибесіз пайдаланушыларға да қол жетімді деп қорытынды жасайды. Moodle онлайн оқытудың неғұрлым күрделі және ауқымды мәселелерін шешуге жарамды, бірақ ол қосымша білімді қажет етеді (Никитин, 2022: 121-125).

Сонымен, түрлі ЖАОК және басқа да онлайн курстардың қолжетімділігі дәстүрлі және онлайн әдістерді біріктіретін аралас оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Аралас оқыту оқу тиімділігін арттыруға, студенттердің дербестігін дамытуға және оқу уақытын ұтымды пайдалануға жағдай жасайды (Крылова, 2020: 86-93). Цифрлық ресурстар мен интернет-технологияларды оқу процесіне интеграциялау мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға және оқытуды дараландыруға ықпал етеді (Серікбаева & Джусубалиева, 2022: 273-282). «Төңкерілген сынып» сияқты аралас оқыту модельдері оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді (Кочеткова және т.б., 2023:1-9). Осы мәселеге байланысты зерттеулер аралас оқыту дәстүрлі немесе қашықтықтан оқытуға қарағанда тиімдірек екенін көрсетеді (Хачатурова & Донина, 2023:29-38).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін жүйелік және конструктивті тәсілдер құрайды. Жүйелік тәсіл зерттеу барысында білім беру процесін жүйелі түрде қарастыруды, элементтер арасындағы өзара байланысты және олардың біртұтастығын түсінуді қамтамасыз етеді. Конструктивті тәсіл оқыту мен оқу процесінде студенттердің белсенді қатысуы, білімнің әлеуметтік контекстте құрылуын ескеруді көрсетеді.

Зерттеу барысында теориялық материалды талдау және синтездеу әдістерімен қатар аралас оқытудың модельдері мен онлайн курстарды жасақтау қолданылды.

Аралас оқыту мен онлайн курстарға қатысты теориялық материалдар зерттеліп, синтезделді, бұл Stepik платформасында ұсынылатын курстарды әзірлеу мен оларды пайдалану әдістерін дамытуға мүмкіндік берді.

Кіріспеде айтылғандай, аралас оқыту технологиясы қазіргі заманғы білім берудің негізгі тұжырымдамаларының бірі ретінде әлемде қарқынды танымалдыққа ие болуда. Аралас оқытудың құрылымы бірыңғай әмбебап модельге ие болмай, әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл модельдердің өзгермелілігі электронды оқыту мен дәстүрлі әдістердің

қаншалықты дәрежеде біріктірілуіне, білім алушылардың жаңа материалды меңгеру үдерісіндегі дербестік деңгейіне, сондай-ақ жекелеген оқу контентін таңдауға байланысты. Аралас оқытудың ең кең тараған модельдері «төңкерілген сынып», «станциялар ротациясы», «зертханалар ротациясы» және «икемді модель» болып табылады.

Бірінші модельде онлайн-оқыту үй жағдайында жүргізіліп, аудиториядағы дәстүрлі сабақтармен үйлестіріледі. Екінші модельде оқу үдерісі сыныпта әртүрлі «станцияларды» құру арқылы ұйымдастырылады, мұнда студенттер кезекпен оқытушымен жұмыс істеп, жобалық қызметпен айналысып, web-сервистерді қолданады. Үшінші модельде фронтальды оқыту жеке компьютерлік сабақтармен толықтырылады. Ал төртінші модельде аудитория «кеңсе» ретінде жұмыс істейді, онда білім алушылар өз бетімен тапсырмаларды орындап, білім беру мақсаттарына жетеді.

Оқыту курстарының құрылымы мен мазмұнын жобалау үшін заманауи онлайн курстарды жасау технологиялары қарастырылды. Әртүрлі білім беру платформаларын талдау олардың сипаттамаларында белгілі бір ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік береді, мысалы, қолжетімділік, бір уақытта қосыла алатын пайдаланушылар саны, жалпы тіркелген қолданушылар саны және басқа да параметрлер.

Нәтиже мен талдау

Stepik каталогында ұсынылған курстар студенттердің белсенділігі мен танымалдығы бойынша сұрыпталады. Білім алушылардың қандай да бір курсқа деген қызығушылық деңгейін бағалау үшін курсты аяқтағандардың пікірлерін қарау мүмкіндігі қарастырылған. Платформаның басты артықшылығы – тегін тіркелу мен сертификат алу мүмкіндігі. Stepik арқылы оқытудың негізгі ерекшеліктеріне оқу үдерісінің синхрондалуы, бейнедәрістерді офлайн көру үшін жүктеу мүмкіндігі, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды шешу, сондай-ақ курс авторларымен және басқа да студенттермен пікірлер мен жаңалықтар бөлімдері арқылы өзара әрекеттесу жатады.

Stepik платформасындағы курстар тақырыптық модульдерге біріктірілген сабақтар түрінде құрылымдалған, дегенмен сабақтар өз бетінше де қолжетімді болып, платформаның кітапханасында сақтала алады. Әрбір сабақ мәтін, бейнедәріс немесе практикалық тапсырма түрінде ұсынылған қадамдардан тұрады. Платформа тесттер, математикалық есептер, математикалық формулалар мен химиялық теңдеулерді шешу тапсырмалары, бағдарламалау есептері сияқты 20-дан астам тапсырмаларды құрастыру түрін ұсынады.

Курстарды әзірлеушілер өз материалдарына авторлық құқықты сақтап қалады және оларды толық курс немесе жекелеген сабақтар түрінде пайдалана алады. Студенттердің өзіндік дайындығы үшін сақтап, басқа сайттар мен білім беру платформаларына ендіруге, сондай-ақ білім алушылардың статистикасы мен

оқу прогресін қадағалауға мүмкіндік бар. Stepik платформасындағы барлық курстар мен материалдар лицензиялық шарттарға сәйкес еркін пайдалануға рұқсат етіледі (Кузнецова & т.б., 2021: 47-52).

Stepik платформасы интуитивті түсінікті интерфейске ие және оны оқытушылар да, студенттер де оңай пайдалана алады. Stepik-тің артықшылықтарына мыналар жатады:

- Stepik каталогындағы барлық курстар танымалдылығы мен студенттердің белсенділігі бойынша сұрыпталады, сондай-ақ курсты аяқтағандардың пікірлерін оқуға мүмкіндік бар;

- курстарға қол жеткізу және сертификат алу тегін, тек қарапайым тіркелу процесінен өту қажет;

- оқуды платформа сайтында да, мобильді қосымшалар арқылы да жалғастыруға болады, бұл ретте оқу прогресі синхрондалады, ал бейнедәрістерді офлайн көру үшін жүктеп алуға болады;

- платформа бейнелерді көру және тапсырмаларды орындау ғана емес, сонымен қатар пікірлер мен жаңалықтар бөлімдері арқылы басқа студенттермен және курс авторларымен өзара әрекеттесуді де қамтамасыз етеді;

- платформада елдің жетекші оқытушылары мен оқу орындарының көптеген курстары орналастырылған, бұл оқытушыларға уақытты аз жұмсай отырып, оқу үдерісін жақсартуға едәуір көмектеседі.

Осы платформаның функционалдық мүмкіндіктерін қарастырайық. Платформаға тіркелу кезінде пайдаланушыға жүйемен жұмыс істеу бойынша бес модульден тұратын «Stepik-те курс құру» атты онлайн курсынан (<https://stepik.org/course/5207/syllabus>) өту ұсынылады. Бірінші бөлімде пайдаланушылар платформаның мақсаты, жаңа қатысушыларды тіркеу үдерісі және курстарға жазылу тәсілдерімен танысады. Білім алушыларға бейнесабақтарды көру, тестілеуден өту және бақылау жұмыстарын орындау мүмкіндігі беріледі. Stepik командасының пікірінше (Никитин, 2022: 121-125) курс 3-7 модульден тұруы керек, әр модульде 5–7 сабақ болуы қажет. Әрбір сабақ өз кезегінде 16-дан аспайтын қадамдарға құрылымдалуы тиіс, мұнда қадам деп теориялық бөлім немесе тапсырма түсініледі. Практикалық қадамдарды қосқанда, оқытушылар түрлі сұрақ түрлерін тандай алады. Мысалы, бағдарламалау курсын жасағанда, жүйе кодтағы қателерді автоматты түрде тексереді. Курс атауын енгізіп, «курсты жасау» батырмасын басқаннан кейін, жүйе оның мазмұнын толтыруды ұсынады. Ол үшін «мазмұнды өңдеу» батырмасын басып, ашылған терезеде курстың басталу күнін көрсету керек. Содан соң алғашқы модульді қосу қажет.

Жоғарыда айтылғандай, әрбір модуль сабақтардан тұрады, оларды тиісті материалдармен толтыру қажет. Модульдің атауы сабақтарда қарастырылатын бөлімнің тақырыбымен сәйкес келуі міндетті. Төменде сабақтардың жалпы мақсатын және барлық тапсырмаларды орындағаннан кейін білім алушылар


меңгеретін дағдыларды сипаттап, қысқаша түсініктеме қосуға болады. Сондай-ақ, әр модульдегі тапсырмаларды орындау үшін уақыт шектеулерін орнатуға болады. Бұрын жасалған курстардағы сабақтарды да қосу мүмкіндігі бар, ол үшін «бар сабақтарды қосу» батырмасы пайдаланылады.

Жаңа сабақ жасау жоспарланса, алдымен оның атауы енгізіліп, содан кейін бетте орналастырылатын мазмұн түрі таңдалады. Мазмұн өрісіне бейне, кез келген форматта жазылған мәтін немесе математикалық курстарды жасауда ыңғайлы формулалар редакторын енгізуге болады. Әрбір сабақ қадамдардан тұрады, мысалы, бірінші қадамда теориялық материал ұсынылса, екінші қадамда оқылған материал бойынша сұрақ берілуі мүмкін. Қадамдардың саны мен олардың мазмұнын оқытушы анықтайды.

Қолжетімді бет түрлерін қарастырайық: мәтін, бейне, тест, бағдарламалау (бұл жерде студент бағдарлама кодын енгізіп, оны автоматты түрде қателерге тексере алады). Классикалық тесттен бөлек, сұрақ түрлеріне сәйкестікті табу, сұрыптау тапсырмалары, кестелік есептер және енгізуді қажет ететін тапсырмалар кіреді.

Кластардың көмегімен көптеген студенттерді аз шығынмен оқытуға және олардың оқу прогресін тиімді қадағалауға болады. Класты құрған кезде оқытушы студенттер орындаған тапсырмаларға қол жеткізе алады, бұл студенттер үшін маңызды мотивациялық фактор болып табылады. Студенттердің шешімдеріне қолжетімділік оқу үдерісін оңтайландыруға, жиі кездесетін қателерді талдауды жеңілдетуге және қай тақырыптарды тереңірек қарастыру қажет екенін анықтауға көмектеседі.

Жоғарыда қарастырылып өткен Stepik-те онлайн-курс жасақтау нұсқаулығы бойынша біз де өз авторлық онлайн-курсымызды жасақтадық (2,3- суреттер). Онлайн-курстың атауы – «Алгебра және сандар теориясы». Ол "B009-Математика мұғалімін даярлау" білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-курс студенттеріне арналған. Курс 6 модульден, әр модульде 2-3 тақырып қамтылып, барлығы 15 тақырыптан тұрады.



2-сурет. «Алгебра және сандар теориясы» курсының басты беті.

1.2 Минор және алгебралық толықтауыш. Кері матрица

1.4 Тестік тапсырмалар 1 из 16 шагов пройден 0 из 15 баллов получено

Анықтауышты есептеңіз:
$$\begin{pmatrix} 2 & 1 & 0 & 7 \\ -6 & 1 & -2 & -3 \\ 1 & 0 & 0 & 1 \\ 0 & 1 & 0 & 3 \end{pmatrix}$$

5.Берілген теңдеулер жүйесі шешімдерінің қосындысы:
$$\begin{cases} 2x_1 - 3x_2 = 4 \\ x_1 - x_2 = 5 \end{cases}$$

Введите численный ответ

Введите число

1 балл за решение.

Оформить

Выберите один вариант из списка

☐ 17
☐ -17
☐ 21
☐ 18
☐ 19

1 балл за решение.

Отправить

3-сурет. Тест тапсырмалары мен сұрақтары

Оқу нәтижелерін қадағалау кез келген курс үшін маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Платформа студенттердің жұмысы мен курстың барысын бақылаудың бірнеше түрін ұсынады: үлгерім табелі (студенттердің толық тізімі және олардың қанша кадамнан өткенін көрсететін деректер), есептер (кесте түрінде сақталған және жүктеуге болатын ақпарат), статистика (курсқа тіркелу мәліметтері), сондай-ақ оқытушының дашборды (сервистің автоматты түрде жинақталған деректеріне негізделген курсты жақсарту бойынша ұсыныстар).

Оқу үдерісінің маңызды компоненті – оқытушымен өзара әрекеттесу. Қарастырылып отырған жүйеде коммуникацияның әртүрлі мүмкіндіктері бар, соның ішінде әр сабаққа арналған пікірлер мен шешімдерді талқылауға арналған форум. Сонымен қатар, курс жасаушылары жаңалықтарды, өзгерістер мен хабарламаларды жаппай тарату арқылы жібере алады. Бұл сервис қашықтан курстарды әзірлеуде жаңадан бастаушыларға да, тәжірибелі мамандарға да қолайлы.

Сайтқа курс қосу үшін логин мен құпиясөзді енгізіп, «курсты жасау» батырмасын басу қажет. Студенттердің дайындық деңгейі айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін, бұл сабақтарды жоспарлауды қиындатады, себебі бір уақытта артта қалғандарды ілгерілетіп, жаңа материалды ұсыну керек. Сабақтарды қолдану студенттердің білім деңгейін бақылауды жеңілдетеді және олардың біліміндегі олқылықтарды жоюға ықпал етеді.

Сонымен, Stepik платформасында онлайн курс әзірлеу келесідей кезеңдерден тұрады:

1. Онлайн-курс жасаудың *бастапқы кезеңі* мақсатты аудиторияны анықтаудан басталады. Курс қай категориядағы білім алушыларға арналғанына қарай, оның күрделілік деңгейі белгіленеді және ұсынылатын апталық оқу жүктемесі анықталады. Маңызды аспектілердің бірі – курстың сипаттамасын құрастыру, онда күтілетін оқу нәтижелері, курстың мақсаттары, ерекшеліктері,

бөлімдердің құрылымы және тапсырма түрлері, сондай-ақ білім алушыларға қойылатын бастапқы талаптар көрсетілуі қажет. Бұл курс білім алушылардың дайындық деңгейіне сәйкес келіп, тым қиын немесе тым оңай болмауы үшін маңызды.

2. Курстың сипаттамасы келесі кезеңге – мазмұнды әзірлеу, тапсырмалар мен жаттығуларды құрастыруға негіз болады. Курстың жалпы құрылымын жобалау барысында модульдер мен деңгейлер санын анықтау қажет. Маңызды сәттердің бірі – материалды бірізділікпен беру, бұл жаңа ұғымдарды біртіндеп енгізуді, бұрын меңгерілген білімдерге сүйенуді, сондай-ақ оқылған материалды бекіту үшін жеткілікті көлемде жаттығулар мен тапсырмалар ұсынуды көздейді.

3. Курстың құрылымын әзірлегеннен кейін, мәтіндік материалдар, бейнедәрістер, презентациялар және интерактивті тапсырмаларды қамтитын контент жасауды бастау қажет. Контенттің әртүрлі дайындық деңгейіндегі пайдаланушыларға қолжетімді әрі түсінікті болуын қамтамасыз ету маңызды. Курс интерактивтілігіне ерекше назар аудару қажет, өйткені Stepik платформасы қолданушыларға математикалық есептерді өз бетінше шешіп, кері байланыс алу мүмкіндігін береді, бұл білімді бекітуге және материалды түсінуді тексеруге ықпал етеді.

3. Контент әзірленіп болған соң, курсты пайдаланушылардың таңдамалы тобында пилоттық тестілеуден өткізу қажет. Бұл материалды түсінуде туындауы мүмкін қиындықтар мен қателерді анықтауға мүмкіндік береді. Тестілеу нәтижелеріне сүйене отырып, қажетті түзетулер енгізіліп, курс жетілдіріледі.

4. Курсты қолдау және жаңарту оның Stepik платформасында әзірленуіндегі маңызды кезең болып табылады. Контент пен материалдар ескіруі мүмкін болғандықтан, ақпараттың өзектілігін, тапсырмаларға жауаптардың дұрыстығын және курстың пайдаланушыларға қолжетімділігін үнемі қадағалау қажет.

Stepik платформасында математика бойынша онлайн-курс әзірлеу – терең математикалық білімді, контент жасаудағы дағдыларды және мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін түсінуді талап ететін күрделі әрі қызықты үдеріс. Біз цифрлық құралдар дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлесімде білім беру үдерісіне интеграциялануы керек деп санаймыз. Цифрландырудың негізгі қауіптерінің бірі – оқытушы мен білім алушы арасындағы тікелей қарым-қатынастың азаюы. Сондықтан мұндай курстарды аралас оқыту шеңберінде тиімді қолдануға болады. Дұрыс жасақталған онлайн-курс математиканы оқытудың құнды құралына айналуы мүмкін. Осылайша, оқытушы өзі әзірлеген немесе дайын онлайн курсты пайдалана отырып аралас оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Аралас оқытудың ең танымал моделі – «Төңкерілген сынып» моделі. Бұл модельдің басты ерекшелігі – теориялық материалмен білім алушылар алдын ала өз бетімен, әдетте, онлайн форматта танысады, ал аудиторияда оқытушымен бірге проблемалық сұрақтарды талдап, тәжірибелік тапсырмаларды орындайды.

Зерттеу барысында болашақ математика мұғалімдері үшін аралас оқытудың «Төңкерілген сынып» моделін қолданылды. Осы әдіс бойынша оқыту 4-суретте көрсетілгендей 4 кезеңнен тұрады:



4-сурет. «Төңкерілген сынып» моделін пайдаланудың кезеңдері

